

**Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті**

**Педагогика және психология кафедрасы**

Педагогика және психология даярлау бағыты бойынша академиялық комитет мәжілісінің  
 № 6 хаттамасынан көшірме

Түркістан қаласы

«22» 02.2024ж.

**Қатысқандар:** АҚ төрағасы: п.ғ.к., доцент м.а. А.Қ.Рысбекова, АҚ мүшесі, академиялық персонал С. Алимбекова, АҚ мүшесі, академиялық персонал П.Қ.Искакова, АҚ мүшесі, академиялық персонал п.ғ.к., доцент Ж.Н.Садуова, АҚ мүшесі, академиялық персонал PhD аға оқытушы Ж.Бураева, АҚ мүшесі, академиялық персонал аға оқытушы С.У.Паштанов, АҚ мүшесі, академиялық персонал магистр оқытушы Д.С.Жаркынбаева.

Т.Б.Мендибаева - М.Өбенова атындағы жалпы білім беретін КММ директоры- АҚ жұмыс беруші өкілі, А.Т.Кенжалиев - Түркістан Ахмет Ясауи кәсіби колледжінің директоры АҚ жұмыс беруші өкілі, Ж.Ж. Азретбергенова Ж.Ташенов атындағы "№23 ІТ мектеп-лицей" КММ директоры, АҚ жұмыс беруші өкілі, А.Мұхтар -білімгерлер өкілі

**Қатыспағандар:** - жоқ

**Күн тәртібі:**

1. Жаңартылған ББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткізу
2. Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ жаңарту және жаңа ББ әзірлеу ұсыныстарын жинақтау, зерттеу
3. Қаңтар айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау
- 4.Әр түрлі мәселелер
- 4.1. «Педагогикалық білім беру әлеуетін күшейту» жобасы бойынша 6B01101 -Психология (IP) білім беру бағдарламасын талдау

**Тыңдалды:**

**АҚ төрағасы А.Рысбекова:** Саламатсыздар ма, АҚ мүшелері, бүгінгі күн тәртібінде жаңартылған ББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткізу, Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ жаңарту және жаңа ББ әзірлеу ұсыныстарын жинақтау, зерттеу.

Күн тәртібіндегі бірінші және екінші мәселе бір – бірімен тығыз байланыста болғандықтан бірге қарауға ұсынамын. Педагогика және психология даярлау бағыты бойынша екі білім беру бағдарламасы бар: 7M01101, 8D01101.

Осыған орай, төмде аты-жөні көрсетілген эксперттер белгіленді.

1. А.Кенжалиев - Түркістан Ахмет Ясауи кәсіби колледжінің директоры.

2. Т.Мендибаева -М.Өбенова атындағы жалпы білім беретін КММ директоры.

3.Ж.Ж.Азретбергенова Ж.Ташенов атындағы "№23 ІТ мектеп-лицейінің директоры. Осы аталған мекемелердегі эксперттерге білім беру бағдарламалары сарптауға жіберілгенін айтты.

Жұмыс беруші Г.Өзретбергенова: білім беру бағдарламасын жан –жақты қарадық. Дублин дескрипторы мен еңбек нарығының қажеттіліктеріне сай әзірленген білім беру бағдарламасы еуропалық үлгіні тиімді енгізу мақсатында жасалынған және білім беруде сабақтастық ұстанымына негізделген. Білім берудің бағдарламасы оқытудың айқындалған нәтижелеріне бағыттала отырып дайындалған. Білім беру бағдарламасында оқытудың нәтижелері Дублин дескрипторларының деңгейлері мазмұнында айқындалып, құзыреттер негізінде көрсетілген.

БББ арнайы құзыреттері жұмыс берушілердің, профессор-оқытушылар құрамының, бітірушілер мен қоғамның әлеуметтік сұраныстары ескеріле отырып анықталған.

АК мүшесі, академиялық персонал магистр оқытушы Д.С.Жаркынбаева: 2023-2024 оқу жылында Педагогика және психология бағыты бойынша білім беру бағдарламасының сапасына мониторинг жасау үдерісі аяқталып нәтижелері талданды.


Талдау есебін назарларыңызға АК мүшесі, академиялық персонал PhD аға оқытушы Ж.Бураева ұсынады:

Ж.Бураева сөз алып сыртқы мониторинг барысында жұмыс берушілер арасында «Мамандардың жалпы және кәсіби құзыреттерін қалыптастыруды анықтауға арналған сауалнама» жүргізгенін айтты. Ол сауалнамада 7 түрлі сұрақ қойылып жұмыс берушілер студенттердің құзреттіліктерін бағалады.баға 1-5 шкалы бойынша алынды. Жалпы сауалнамаға Түркістан көп салалы қол көнер колледжі, № 23 мектеп, М.Әбенова мектебінің және Ахмет Ясауи колледжінің жұмыс берушілері қатысты.

Жалпы талдау және қорытынды:


1. Жалпы құзыреттерді айқындайтын оқыту нәтижелерінің сапасына қандай баға бересіз?

1.Магистратура білім беру бағдарламасы 2.Докторантура білім беру бағдарламасы



2. Кәсіби құзыреттерді айқындайтын оқыту нәтижелерінің сапасына қандай баға бересіз?

1.Магистратура білім беру бағдарламасы 2.Докторантура білім беру бағдарламасы




3. Арнайы құзыреттерді айқындайтын оқыту нәтижелерінің сапасына қандай баға бересіз?






6. Білім беру бағдарламасында пәндер мазмұны соңғы оқыту нәтижелерінде айқындалу деңгейі



7. Университеттің педагог мамандар үшін дайындалған білім беру бағдарламаларының негізгі артықшылықтарын көрсетсеңіз?

- 1) Білім беру бағдарламасы бәсекелестікке қабілетті болашақ маманның кәсіби-теориялық даярлығын арттырудың жолдарын нақты белгілеп беріп отырған, талап деңгейінде әзірленген бағдарлама
- 2) Ақпараттық коммуникациялық технологияларды және қоғам, кәсіби ортада коммуникативті дағдыларды қолдана білу қабілеттілігі айқындалған
- 3) Оқыту нәтижелері жас ерекшелік психологиясын білуге, педагогикалық және жеке тұлғалар арасындағы қатынас орнатуға; оқытылатын пәнге немесе оқушылардың таңдаған мамандығына тұрақты қызығушылықтарын туғыза білу және оларды әрі қарай дамыту іскерлігі айқындалған.
- 4) Білім беру бағдарламасы құзыреттерге негізделген оқыту нәтижелері «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының «Педагогтің кәсіби стандарты» негізінде дайындалған



Сонымен қатар, № 5 сұрақта жұмыс берушілердің жартысынан көбі мынаны атап көрсетелі

Жалпы талдау және қорытынды: сауалнама нәтижелері бойынша жұмыс берушілер білім беру қызметіне белсенді қатысады. Сауалнама нәтижелерін талдағаннан кейін қорытынды:

1. Жалпы құзыреттерді айқындайтын оқыту нәтижелерінің сапасына қандай баға бересіз?



Сауалнамаға қатысқан Түркістан көп салалы қол өнер колледжі, № 23 мектеп жұмыс берушілері жақсы, М.Әбенова мектебінің және Ясауи колледжінің жұмыс берушілері өте жақсы деген баға берген

2. Кәсіби құзыреттерді айқындайтын оқыту нәтижелерінің сапасына қандай баға бересіз?

Сауалнамаға қатысқан № 23 мектеп ұжымының жұмыс берушілері жақсы, Ясауи колледжі, Түркістан көп салалы қол өнер колледжі, М.Әбенова ұжымының жұмыс берушілері өте жақсы деп бағалаған.

3. Арнайы құзыреттерді айқындайтын оқыту нәтижелерінің сапасына қандай баға бересіз?

Сауалнамаға қатысқан № 23 мектеп, М.Әбенова мектебінің жұмыс берушілері жақсы, Ясауи колледжі, Түркістан көп салалы қол өнер колледжінің жұмыс берушілері өте жақсы деп бағалаған.

4. Кәсіби құзырет Психологиялық-педагогикалық жағдаятты анықтау және қалыптастыру қабілетін айқындайтын оқыту нәтижелерінің сапасына қандай баға бересіз?

Сауалнамаға қатысқан № 23 мектеп ұжымының жұмыс берушілері жақсы, Ясауи колледжі, Түркістан көп салалы қол өнер колледжі, М.Әбенова ұжымының жұмыс берушілері өте жақсы деп бағалаған.

5. Кәсіби құзырет Мамандық бойынша кәсіби қызметтің барлық түрлерін жүзеге асыру қабілетін айқындайтын оқыту нәтижелерінің сапасына қандай баға бересіз?

Сауалнамаға қатысқан № 23 мектеп ұжымының жұмыс берушілері жақсы, Ясауи колледжі, М.Әбенова мектебі, Түркістан көп салалы қол өнер колледжінің жұмыс берушілері өте жақсы деп бағалаған.

6. Білім беру бағдарламасында пәндер мазмұны соңғы оқыту нәтижелерінде айқындалу деңгейі

Сауалнамаға қатысқан Ясауи колледжінің жұмыс берушілері орташа, № 23 мектеп, М.Әбенова ұжымының жұмыс берушілері жақсы, Түркістан көп салалы қол өнер колледжінің жұмыс берушілері өте жақсы деп бағалаған.

7. Университеттің педагог мамандар үшін дайындалған білім беру бағдарламаларының негізгі артықшылықтарын көрсетсеңіз

АК мүшелері сауалнамаға байланысты өздерінің пікірлерімен бөлісті.

**АК төрағасы А.Рысбекова:** Құрметті АК мүшелері ББ даярлау бағыты бойынша шешімін табатын көптеген мәселелер кездесуі мүмкін. АК мүшелері жұмыстарды бірігіп жасасақ барлық жұмыстар шешімін табылып-деп ойлаймын. Жұмыс берушілердің ұсынымдарын ескере отырып, кәсіптік стандарттар негізінде білім беру бағдарламасын жаңарту, ББ сараптамасын жүргізу өз нәтижесін береді.

### Шешім:

1. Мамандардың жалпы және кәсіби құзыреттерін қалыптастыруды анықтауға арналған сауалнама «Қанағаттанарлық» деп табылсын.

### 3. Әр түрлі мәселелер

3.1. «Педагогикалық білім беру әлеуетін күшейту» жобасы бойынша *6B01101 -Психология (IP)* білім беру бағдарламасын талдау

#### Тыңдалды:

**АК төрағасы А.Рысбекова:** Бүгінгі мәжіліс күн тәртібінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі, Дүниежүзілік Банктің ұйытқы болуымен 2021 жылы басталып, еліміздің педагогикалық бағыттағы жоғары оқу орындарын қамтыған «Педагогикалық білім беру әлеуетін күшейту» компоненті бойынша «Білім беруді жаңғырту» жобасының аясында жоғары оқу орындары болашақ мұғалімдердің тұтастай дамуын қамтамасыз ететін және құзыреттілікке бағдарланған білім беру қағидаттарына сәйкес даярланған педагогикалық білім беру саласындағы 30 білім беру бағдарламасын халықаралық әріптестікте қайта қарады, осы жоба аясында біздің кафедраға қарасты *6B01101 Психология (IP)* білім беру бағдарламасын талдап қарастырамыз.



Бұл жобаның басты мақсаты – озық шетелдік тәжірибені қолдану арқылы жаңа Ұлттық педагогикалық білім беру бағдарламаларын әзірлеу. ҚР ГЖБМ-нің «Педагогикалық білім беру әлеуетін күшейту» жобасы аясында әзірленген жаңа 30 ББ және жетілдірілген ПБ моделін іске асыру болып табылады.

Бұл кафедраға қарасты 6B01101 Психология (IP) білім беру бағдарламасын әзірлеуге әртүрлі қазақстандық жоғары оқу орындары және халықаралық консультанттар біріге отырып әзірленген педагогтарды даярлауға арналған ұлттық білім беру бағдарламасы. Бұл білім беру бағдарламасы ұлттық болғандықтан, ондағы сипаттамалық мәтіндерде нақты ақпарат жоқ, бірақ жалпы педагогикалық қағидаттар мен тақырыптар қамтылған. «Психология» БББ оқу орындарында (мектептер, колледждер, гимназиялар) психолог ретінде маманданғысы келетін оқытушыларға арналған педагогикалық білім беру бағдарламасы.

«Психология» БББ инновациялық, Тұрақты даму мақсаттарына, 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Ол нақты қолданбалы міндеттерді шешуде құзыреттілігі бар және білім беру процесінде студенттерге психологиялық қолдау көрсететін білім беру ұйымындағы психологтың қажеттіліктерді бағалау, араласуды жоспарлау және ұйымдастыру, араласу сапасын бақылау, тиімділігін бағалау сияқты жұмыстарына негізделген. Бұл БББ әзірлеу кезінде білім беру мекемесіндегі психологтың нақты қолданбалы міндеттерін шешу құзыреттіліктеріне басты назар аударылған. «Психология» БББ-ның негізгі айырмашылығы – білім алушылардың және білім беру үдерісінің басқа қатысушыларының әл-ауқатына және тәуекелді азайтуға көбірек көңіл бөлу болып табылады.

Сіздермен бірге бұл БББ бірнеше рет талдау жасалды. Алдын - ала бұл ББ-мен таныстыңыздар! Соның негізінде негізгі оқу жоспары жасалынды. Ендігі кезекте осы білім беру бағдарламасы бойынша пікірлеріңізді ортаға салып, шешім қабылдап, сонымен қатар, шешім негізінде АҚ бекітуге ұсынып, келесі кезекте Еуропалық жоғары білім беру кеңестігі (ЕПВО) базасына енгізу мәселесі қарастырылады.

**АҚ мүшесі, П.Некаков:** БББ 60 академиялық кредит педагогикалық компоненттен (педагогикалық практиканы қоса алғанда), 56 академиялық кредит міндетті компоненттен және 124 академиялық кредит пәндік компоненттен (8 академиялық академиялық кредит қорытынды аттестаттауды қоса алғанда) тұрады.

Құзыреттілікке негізделген педагогикалық білім беру бағдарламасы үш бөліктен тұрады: 1) педагогикалық компонент, 2) пәндік компонент, 3) міндетті компонент. Бұл құрылымдардың әрқайсысы модульдер мен тиісті курстардан құралады. Курстардың оқыту нәтижесі оқыту жұмысында қажетті құзыреттіліктерді сипаттайды.

Пәндік компонент 5 модульден тұрады: атап айтқанда «Психология негіздері», «Психологиялық-педагогикалық бағалау және мониторинг», «Психологиялық-педагогикалық араласу және кеңес беру», «Алдын алу және психологиялық білім беру», «Зерттеулер». БББ - толық пәндер қамтылған, дегенмен кейбір пәндердің атауы өзгерген, пән сипаттамасында оқылатын пәндердің тақырыптары көрсетілген, БББ әзірлеушілердің тәжірибесі болшақ мұғалімдердің қажеттіліктерін де, аймақтық ерекшеліктерді де еске алған. 60% міндетті, 40% таңдау бойынша курстар арақатынасын сақтай отырып, таңдау бойынша пәндерді кеңейтуге, мүмкіндік берелі, сонымен бірге жалпы бұл дайын білім беру бағдарламасы екенін айта кеткім келеді.

**АҚ мүшесі, академиялық персонал С.Алимбаева:** Бұл бағдарлама жаңартылған білім беру талаптарына сай, ұйткені педагогтардың кәсіби құзыреттіліктері қайта бағаланып, толықтырылған. 6B01101 - психология (IP) білім беру бағдарламасында пәндік және жалпы құзыреттілік салалары бойынша оқу нәтижелері де жүйеленген. Бұл жоба жақсы бастама. Дегенмен қазіргі қоғамдағы болып жатқан әр түрлі келенсіздікке орай тәрбиеге байланысты пән және құзыреттермен қамтыла нұр үстіне нұр болар еді.

**АҚ төрағасы А.Рысбекова:** Жаңа білім беру бағдарламасы болашақ мұғалімдер, оқытушылар мен жұмыс берушілерді қоса, барлық мүдделі тараптармен әрекеттесу негізінде әзірленуі тиіс екені белгілі, сондықтан біз сөзді жұмыс беруші өкілдерге берсек.

**АҚ мүшесі, Т.Б.Мендибаева - М.Әбенова атындағы жалпы білім беретін КММ директоры:** Білім беру бағдарламаларын қарап отырып мен мынаған баса назар аудардым. Бұл БББ әзірлеу кезінде білім беру мекемесіндегі психологтың нақты қолданбалы міндеттерін шешу



құзыреттіліктеріне басты назар аударылған. «Психология» БББ-ның негізгі айырмашылығы – білім алушылардың және білім беру үдерісінің басқа қатысушыларының әл-ауқатына және тәуекелді азайтуға көбірек көңіл бөлу болып табылады- деген. Бізде қазіргі таңда білім беру мекемесіндегі психологтың нақты қолданбалы міндеттерін шешу құзыреттіліктерін қалыптастыруға басты назар аударуымыз қажет, себебі қазіргі таңдағы әлімжеттілік, зорлық – зомбылық т.б. мектеп пен қоғамдағы түрлі деңгейдегі болып жатқан тәуекелдерді азайту үшін психологтардың көмегі өте қажет. Осы тұрғыдан алғанда білім беру бағдарламасында пәндік және жалпы құзыреттілік салалары бойынша оқу нәтижелері де жүйеленген.

**АК мүшесі, Азретбергенова Жаңыл Жарылқасынқызы - Ж.Ташенов атындағы"№23 ІТ мектеп-лицей"КММ директоры:** Бұл жаңа білім беру бағдарламасы студенттердің мұғалім кәсібінде маңызды жалпы құзыреттіліктерін тиімдірек жетілдіру мақсатында әзірленген. Инклюзивтілік және пәнаралық мәселелер қамтылып, оқыту нәтижесі мен құзыреттер, бағалау жүйесі мен мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі педагогикалық құзыреттіліктен, пәндік құзыреттіліктен және жалпы құзыреттіліктен тұратыны анықталған. Білім беру процесінде студенттерге психологиялық қолдау көрсететін білім беру ұйымындағы психологтың қажеттіліктері бағалау, жоспарлау және ұйымдастыру, араласу сапасын бақылау, тиімділігін бағалау сияқты жұмыстарына негізделіп даярланған. БББ қазіргі нарық жағдайында сұранысқа ие болатыны анық.

**АК төрағасы А.Рысбекова: 6B01101 - Психология (IP) БББ** талдауға қатысқандарыңызға рахмет айта келе жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін. Бүгінгі мәжілісімізді қорытындылай келе **6B01101 - Психология (IP) білім беру бағдарламасы** қазіргі кездегі қоғамдағы сұранысқа ие, кәсіби мамандарды дайындаудың қажеттіліктерін қанағаттандыратын, құзыретті маман даярлаудың талабынан шыға алатын деңгейде дайындалған деп есептеймін.

АК мүшелері бір ауыздан қолдады.

#### Шешім:

1. «Педагогикалық білім беру әлеуетін күшейту» жобасы аясында даярланған **6B01101 - Психология (IP) білім беру бағдарламасын** талдау мәлімет үшін назарға алынсын.
2. Университеттің Академиялық комитетіне бекітуге ұсынылсын.

АК төрайымы:



А.Рысбекова

Хатшысы:



С.Паштанов